

Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

№3 хаттама

Жосалы ауылы

12.05. 2018 жыл

Қатысушылар:

1. Кеңес төрағасы – Абдулин Есен Сидрахметович
2. Кеңес төрағасының орынбасары- Филатова Нина Леонидовна
3. Кеңес хатшысы- Пірімжарова Лязат Талапбайқызы
4. Кеңес мүшесі- Калинурова Валентина Ситановна
5. Кеңес мүшесі - Байменшина Алтыншаш Айнабековна
6. Кеңес мүшесі - Жумабеков Бауыржан Зулкарнаевич
7. Кеңес мүшесі- Кудря Иван Михайлович
8. Кеңес мүшесі – Бижанов Руслан Кадыржанович
9. Кеңес мүшесі- Арыстанова Акзиля Ситановна
10. Мектеп директоры-Ж.С.Дуйсенова
11. ДТІЖО – Елеуов Е.С.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жазғы лагердің жұмысын ұйымдастыру
2. Бизнес жоспардың жұмысымен таныстыру (бролер тауықтарын ұстау)

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша:

- 1.Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Абдулин Есен Сидрахметович кеңестің жұмыс жоспарымен таныстырып, талқылауға ұсынды.
2. Кеңес мүшесі Байменшина Алтыншаш кеңес жұмысының күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз сойлеп, ауылымыздың жеке қожалықтары мен жеке кәсіпкерлерден, ата – аналардан мүмкіндіктері бойынша көмек сұрауды ұсынды.

Кеңес мүшелері белгіленген мәселелер бойынша сөйлегендерді тыңдап, мәліметтерді саралай отырып, ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектептің жаңа жылдық безендіру жұмыстарына «Қамқоршылық кеңес» мүшелері бір ауыздан көмек көрсетуге шешім қабылданды.

Төраға:

Хатшы:

Абдулин Есен Сидрахметович

Пірімжарова Лязат Талапбайқызы

Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

№5 хаттама

Жосалы ауылы

26.05. 2018 жыл

Қатысушылар:

1. Кеңес төрағасы – Абдулин Есен Сидрахметович
2. Кеңес төрағасының орынбасары- Филатова Нина Леонидовна
3. Кеңес хатшысы- Таскалиева Мирамгул Жалғасбаевна
4. Кеңес мүшесі- Калинурова Валентина Ситановна
5. Кеңес мүшесі - Байменшина Алтыншаш Айнабековна
6. Кеңес мүшесі - Жумабеков Бауыржан Зулкарнаевич
7. Кеңес мүшесі- Сағынай Қоңыр
8. Кеңес мүшесі – Бижанов Руслан Кадыржанович
9. Кеңес мүшесі- Арыстанова Акзиля Ситановна
10. Мектеп директоры-Ж.С.Дуйсенова
11. ДТІЖО – Елеуов Е.С.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 2018-2019 оқу жылына оқушыларға арналған жалпыға бірдей мектеп формасын бекіту.

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кеңес мүшелері ешқайсысы қалыс қалмай барлығы өз ойларын білдіріп, бірыңғай мектеп формасы қабылдауға өз ұсыныстарын айтты.

Кеңес мүшелері белгіленген мәселелер бойынша сөйлегендерді тыңдап, мәліметтерді саралай отырып, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. . Оқушының сырты киім келбеті ҚР Білім туралы заңының 47 бабы және 47 15-1 баптарына және ҚР ғылым және білім министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы бұйрығында орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылған нормаларға сай болуы тиіс деп шешім қабылданды.

Қыздарға:

көк немесе қара түсті костюм, юбка, ақ түсті блузка.

Ұлдарға:

Көк немесе қара түсті костюм-шалбар, ақ түсті көйлек.

Төраға:

Абдулин Есен Сидрахметович

Хатшы:

Пірімжарова Лязат Талапбайқызы

ХАТТАМАСЫ №1

Өтілген күні: 25.09.18 ж.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-аналар, жергілікті мекеме қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Қамқоршылық кеңестің» ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру
2. «Қамқоршылық кеңестің» мүшелерін сайлау
3. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

1. Тыңдалды: 1-мәселе
2. а) Сөйледі:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры Ж.С.Дуйсенова сөз алып, жиналысқа қатысушыларды "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ережемен таныстырып өтті. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 123 бұйрығы)

Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

1) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалыуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады

2) білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

3) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;

4) қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шалаларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

5) қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалыуы туралы шешім қабылдайды;

6) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді;

7) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

Мектеп директоры қамқоршылық кеңестің қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тарту және жұмсау түрлері мен тәртібіне, Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттеріне, оның қағидаларына, сонымен қатар кеңестің құрамына тоқталып өтті.

1. Тыңдалды: 2-мәселе
2. ә) Сөйледі:

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша сөз алған ата-аналар комитетінің төрайымы А.А.Байменшина Қамқоршылық кеңес құрамына кімдер ену керектігіне, олардың функционалдық міндеттеріне тоқталып өтті.

Жиналысқа қатысушылардың ортақ ұсынысымен төмендегі тұлғалар Қамқоршылық кеңестің мүшесі болуға ұсынылды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Е.С.Абдуллин

Хатшы: Ж.Н.Терекбаева

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. Филатова Нина Леонидовна
2. Нурлыбаева Галия Бердібекқызы
3. Калинурова Валентина Ситановна
4. Жумабеков Бауыржан Зулкарнаевич
5. Байменшина Алтыншаш Айнабековна
6. Арыстанова Акзиля Ситановна
7. Гайдай Татьяна Петровна
8. Бижанов Руслан Кадыржанович
9. Даурбаев Балтемір Тауекелұлы
10. Пірімжарова Ляззат Талапбайқызы

3) Үшінші сұрақ бойынша мектеп әлеуметтік педагогы Терекбаева Ж.Н сөз сойледі. Өз сөзінде жалпы биылғы оқу жылында мектебімізде ыстық тамақпен 16 оқушы қамтамасыз етілген. Және де ол оқушылардың негізгі құрамы әлеуметтік жағдайы төмен, жетім, көпбалалы отбасылар, күнкөріс деңгейі төмен отбасыларда тәрбиеленетін оқушаларды құрайтынын айтты. Сонымен қатар ыстық тамақтың сапалық құрамын тексеретін бракераждық комиссия жұмыс жасайды, және мо

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес «Жосалы орта мектеп-бала бақшасы» коммуналдық меклекеттік мекемесінде құрылған кеңестің жұмысы жандандырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес құрамын ұсынылған тұлғалар кеңес мүшелігіне сайлансын.
3. Жоғарады көрсетілген тізімге кіретін оқушыларды ыстық тамақпен толық қамтамасыз етуді қадағалау.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Е.С.Абдуллин

Хатшы: Ж.Н.Терекбаева

ХАТТАМАСЫ №2

Өтілген күні: 10.11.18 ж.

Қатысқандар: мектеп директоры Ж.Дуйсенова, қамқоршылық кеңес төрағасы:
Е.С.Абдуллин, В.Калинурова, А.Арыстанова, Л.Пірімжарова, А.Байменшина, Т.Гайдай.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1.Сапалы білім беру бойынша І- тоқсан қорытындысы.
2. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері
3. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыруға көмектесу.
4. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

Тыңдалды: 1-мәселе

Сапалы білім беру бойынша 2018-2019 оқу жылының І тоқсан қорытындысы туралы мектеп директоры Ж.Дуйсенова сөз сөйледі:

Мектепте барлығы 106 оқушы. Оқу озаты-28 оқушы, оқу екпіндісі-25 оқушы

І тоқсан бойынша білім сапасының көрсеткіші 52%. Мектепте спорттық секция мен кружоктар жұмыс жасайды, барлық оқушылар 100% қамтылды.

Сонымен қатар кеңес мүшесі А.Арыстанова Қарғалы ауданындағы өнер мектебінен «вокал», «хореография» жанры бойынша филиалының ашылуына байланысты жұмыс жасауын ұсынды.

Тыңдалды: 2-мәселе

Мектептің материалдық-техникалық базасын жаңартуды қамтамасыз ету мәселесі бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Абдуллин сөз сөйледі:

Мектепке ата-аналар, мұғалімдер демеушілік жасай отырып, 55 дана жалюзи 342000теңге, спорттық жетістіктер туралы стенд 100 000 теңгеге алынды.

Тыңдалды: 3 мәселе

Кеңес мүшесі Л.Пірімжарова сөз алды: Жаңа жылдық мерекесін ұйымдастыруға көмектесу мақсатында демеушілер тарапынан мектепке жаңа шырша алу қажет.

«Агро Жосалы»ЖШС директорына, «Кудря»шаруашылық қожалығына хат жазып, демеушілікке тару қажеттілін айтып өтті.

Тыңдалды: 4 мәселе

Мектеп әлеуметтік педагогы Ж.Н Терекбаева сөз сөйледі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына 6–қосымша негізінде **«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша** биылғы оқу жылында мектебімізде ыстық тамақпен 16 оқушы қамтамасыз етілді. Және де ол оқушылардың негізгі құрамы әлеуметтік жан басына шаққандағы табысы күн көріс деңгейінен төмен, мүмкіндігі шектеулі, мүгедек, қолайсыз отбасы, жетім, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларды құрайтындығын айтты. Сонымен қатар ыстық тамақтың сапалық құрамын тексеретін бракераждық, мониторингтік комиссия жұмыс жасайды, айына бір рет тексеріс жасайды және бір балаға арналған тамақтың құны-357,14 теңгені

құрайды. Асханада мектеп мұғалімдері мен әкімшілік кезекшілік кестесі бекітіліп, сол бойынша кезекшілік жұмыс жасайды.

Шешімі:

1. Қарғалы ауданындағы өнер мектебінен «вокал», «хореграфия» жанры бойынша филиалының ашылуына байланысты жұмыстарды кеңес мүшесі А.Арыстанова қолға алсын
2. Мектепті жаңа жылдық шыршамен қамтамасыз ету мақсатында демеушілер іздеу кеңес мүшелеріне жүктелсін.
3. Жоғарады көрсетілген тізімге кіретін оқушыларды ыстық тамақпен толық қамтамасыз етуді қадағалансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Е.С.Абдуллин
Хатшы: Ж.Н.Терекбаева

ХАТТАМАСЫ №3

Өтілген күні: 25.01.19 ж.

Қатысқандар: мектеп директоры Ж.Дуйсенова, қамқоршылық кеңес төрағасы: Е.С.Абдуллин, А.Арыстанова, Л.Пірімжарова, А.Байменшина, Т.Гайдай.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары
2. Педагог мәртебесі туралы заң жобасын талқылау
3. Бос білім беру ұйымдары басшыларын тағайындаудағы қамқоршылық кеңесінің ролі

Тыңдалды: 1-мәселе

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Елеуов кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары бойынша жылдық жұмыс жоспары таныстырып, I жарты жылдықта атқарылған іс-шаралар есебін баяндады. Осы уақытқа дейін мектеп оқушыларының арасында құқықбұзушылық фактілерінің тіркелмегенін жеткізді. Кеңес мүшелері сөз сөйлеп, құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында оқушылардың түнгі уақытта /22.00-ден кейін/ көшеде жүрмеуін қадағалап, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесіп рейд жұмыстарын жандандыруды ұсынды.

Тыңдалды: 2 мәселе

2019 жылы қабылдауға ұсынылған педагог мәртебесі туралы заң жобасын кеңес төрағасы Е.Абдуллин таныстырып, талқылауға ұсынды. Ұсынылған заң жобасында мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері үшін барлық игіліктер қарастырылған. Мұғалімдердің жүктемесін азайтуға, жоспардан тыс тексерістер мен міндеттен тыс функцияларды азайтуға мүмкіндіктер беретінін айтты.

Тыңдалды: 3 мәселе

Қамқоршылық кеңесінің төрағасының орынбасары А.Байменшина Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау» қағидаларындағы қамқоршылық кеңесінің міндеттерімен таныстырды.

Шешімі:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары жандандырылсын.
2. Ұсынылған педагог мәртебесі туралы заң жобасындағы мәселелер ұсынылсын.
3. Бос білім беру ұйымдары басшыларын тағайындауда қамқоршылық кеңесімен бірлесе жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Е.Абдуллин

Хатшы: Ж.Н.Терекбаева

ХАТТАМАСЫ №4

Өтілген күні: 19.04.19 ж.

Қатысқандар: мектеп директоры Ж.Дуйсенова, Қамқоршылық кеңес мүшелері.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Кеңес төрағасын қайта сайлау.
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.
3. Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары.

Тыңдалды: 1-мәселе

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасының орынбасары Байменшина Алтыншаш сөз сөйлеп, осы уақытқа дейін кеңес төрағасы қызметін атқарып келген Абдуллин Е.С қайтыс болуына байланысты, кеңес мүшелерінің көпшілігінің ұсынысы бойынша к\х «Кудря» қожалығының инженері Кудря Иван Ивановичтың үміткерлігін ұсынды. Және де бұл шешім бір ауыздан қабылданып, Кудря И.И қағаз жүзінде өз келісімін берді.

Тыңдалды: 2 мәселе

Мектеп директоры Ж.С.Дуйсенова алдағы жазғы демалыс уақытында, оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру мақсатында қандай шаралар жоспарланып жатқаның таныстырды. Оның ішінде жазғы лагерь бойынша каникул уақытында мектебімізде еңбек лагері және мектеп жанындағы легерь жұмыс жасайтынын, сонымен қатар түрлі қала сыртындағы лагерьлерге оқушыларымызды жіберу жоспарын жеткізді. Және де кеңес мүшелері аз қамтылған отбасылар мен жетім балаларды жазғы каникул уақытында легерьлерге жіберуді дұрыс ұйымдастыру үшін өз көмектерін көрсетенің жеткізді.

Тыңдалды: 3 мәселе

Мектеп директоры Ж.С.Дуйсенова алға қойған мақсаттарымыздың бірі мектеп ауласын абаттандыру жұмыстарының жоспарымен кеңес мүшелерін таныстырды. Ол бойынша жазғы уақытта мектеп ауласында бұрқақ (фонтан) салу және демалу орындықтарын орналастыру жоспарымен бөлісіп, бұл күрделі жұмысқа демеушілер қажеттігін жеткізді. Кеңес мүшелері бұл мәселе бойынша өз ойларын ортаға салып, биылғы жылда мектеп бітіргендеріне 10,15,20,25,30,35 жыл толатын түлектерге арналаған кездесу кешін ұйымдастыру.

Шешімі:

1. Кеңес төрағасы лауазымына к\х «Кудря» инженері Кудря И.И тағайындалсын.
2. Оқушылардың жазғы демалысын тиісті деңгейде ұйымдастру.
3. Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстарын бірлесіп жүргізу.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Кудря И.И.

Хатшы: Ж.Н.Терекбаева

ХАТТАМАСЫ №5

Өтілген күні: 15.05.19 ж.

Қатысқандар: мектеп директоры Ж.Дуйсенова, Қамқоршылық кеңес мүшелері.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Білім алушылармен ішкі тәртіп Ережесінің сақталуы (мектеп формасының сақталуы, білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарға жүргізілген рейдтерін қорытындысы.)
2. Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы;
3. 2018-2019 оқу жылына мектеп директорының есебі.

Тыңдалды: 1-мәселе

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Елеуов Е.С сөз сөйлеп, мектептің ішкі тәртіп ережесінің қатаң сақталатынын айтты. Мектеп формасының сақталуы, білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарға тізімімен оқушылар мен ата-аналар толық таныстырылып хаттамалары тіркелгенің жеткізді. Жүргізілген рейдтер қорытындысы бойынша мектептің ішкі тәртіп ережесінің бұзылған фактілері тіркелген жоқ.

Тыңдалды: 2-мәселе

Оқушылардың қосымша біліммен қамтылуы және бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепте 2018-2019 оқу жылының жоспарына сай 5 спорттық секциялар ,4-үйірме және факультатив сабақтары өткізіледі және де аудандық өнер мектебінің филиалы бойынша «Сурет» үйірмесі жұмыс жасайтыны айтылды. Арнайы уақыт қарастырылып, кабинеттер бөлініп, уақытылы өткізілуі мен оқушылардың қатысымы қатаң бақылауда.

Тыңдалды: 2-мәселе

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директоры Ж.С.Дуйсенова 2018-2019 оқу жылының қорытынды есебін жасады.

Оның ішінде:

1. оқушылардың 2018-2019 оқу жылындағы білім сапасы.
2. туған жерге тағзым акциясының қорытындысы.
3. жыл бойы өткізілген іс-шаралар есебі.
4. оқушылардың жазғы демалыс уақытын ұйымдастыру жоспары.
5. 9-11 класс оқушыларын қорытынды аттестациялау кестесі.

Шешімі:

1. Мектептің ішкі тәртіп ережесінің сақталуын қатаң бақылау.
2. Оқушыларды қосымша біліммен толық қамтамасыз ету.
3. Жазғы демалыс уақытында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастырылуын қадағалау.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Кудря И.И.

Хатшы: Ж.Н.Терекбаева